

Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы

Жамбыл облыстық әкімиятының 2007 жылғы 28 маусымдағы N 145 қаулысы. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 06 тамызда N 1663 тіркелді.

Жоғары өрт қаупі бар 4-5 классты кезеңнің басталуына байланысты, 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 15 бабындағы 11) тармақшасына сәйкес және 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27 бабындағы 1 тармағының 9) тармақшасы негізінде облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жоғары өрт қаупі бар кезеңде (үстіміздегі жылдың 20 қыркүйегіне дейін) жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салынсын.

2. Аудан әкімдеріне және "Жамбыл облысы әкімиятының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті" мемлекеттік мекемесіне осы қаулының 1 тармағынан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. "Жамбыл облысы әкімиятының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті" мемлекеттік мекемесіне облыс аумағында өртке қарсы атқарылып отырған іс-шаралар жөніндегі ақпаратпен тұрақты түрде ақпарат құралдары өкілдерін қамтамасыз етіп отырсын.

4. Осы қаулы әділет органдарына мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап заңды күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Ө. Үсенбаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Б. Жексембин